

Мақаншы ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Абай облысы Мақаншы ауданы мәслихатының 2025 жылғы 14 қарашадағы № 27-196/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Мақаншы ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мақаншы ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақаншы ауданы мәслихатының төрағасы

Б. Биболов

Мақаншы ауданы
мәслихатының

2025 жылғы 14 қарашадағы
№ 27-196/VIII шешіміне
қосымша

Мақаншы ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинақталу нормасы Жылына 1 тұрғынға м3	Есептік бірлігі	Қызметтердің құны ТБО (ҚҚС-сыз тенге)			Барлығы (ҚҚС-сыз тенге)	Барлығы (ҚҚС-мен тенге)
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау		
Жайлы үйлер	1,86	Б і р тұрғынға айына	364,25	109,20	-	473,45	530,26
Жайлы емес үйлер	1,96		383,83	115,07	-	498,90	558,77
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	-	1 м3	2350,00	704,50	-	3 054,50	3 421,04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК